



Scientific article
IRSTI 13.07.25



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-155-2-195-207>

URBAN SEMIOTICS: THE CULTURAL AND HISTORICAL IMAGE OF SEMEY

Arman SHERIZATOV ✉

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

✉ arman.manarbek@gmail.com

Abstract. The article is dedicated to a culturological analysis of the cultural image of the city of Semey in Kazakh literature and journalism of the early 20th century. The works of Zhusipbek Aimauytov, Mirzhakyp Dulatov, Sultanmahmut Toraigyrov, and Mukhtar Auevov are examined as the objects of the research. The paper explores the period of transition of Kazakh society from nomadic culture to urban modernization, as well as the city of Semey as a semiotic-poetical image. In this context, the aspects of «cultural text» and «cultural space» hold a special place. Through the urban image in the authors' works, the process of the formation of the national intelligentsia, cultural transformation, and issues of spiritual revival are analyzed. The results of the study allow for a culturological justification of the status of Semey as an intellectual and symbolic center in Kazakh culture.

Keywords: Semey city; Alash heritage; urban culture; semiotics; cultural text; cultural space; poetics; poetosphere; symbol; detail.

For citation:

Sherizatov, A. (2026). Urban semiotics: The cultural and historical image of Semey. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 155(2), 196-208, <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-155-2-195-207>

ҚАЛА СЕМИОТИКАСЫ: СЕМЕЙДІҢ МӘДЕНИ-ТАРИХИ БЕЙНЕСІ

Арман ШЕРИЗАТОВ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

СЕМИОТИКА ГОРОДА: КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКИЙ ОБЛИК СЕМЕЯ

Арман ШЕРИЗАТОВ

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Аңдатпа. Мақала ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті мен публицистикасындағы Семей қаласының мәдени бейнесін мәдениеттану тұрғысынан талдауға арналған. Зерттеу нысаны ретінде Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезовтің шығармалары қарастырылады. Мақалада қазақ қоғамының көшпелі мәдениеттен урбанистік модернизацияға бет бұру кезеңі, сондай-ақ Семей қаласы семиотикалық-поэтикалық бейне ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыда «мәдени мәтін», «мәдени кеңістік» аспектілері ерекше орын алады. Қаламгерлердің шығармаларындағы қалалық бейне арқылы ұлттық интеллигенцияның қалыптасу үдерісі, мәдени трансформация және рухани жаңғыру мәселелері талданады. Зерттеу нәтижесі Семей қаласының қазақ мәдениетіндегі интеллектуалдық және символдық орталық ретіндегі мәртебесін мәдениеттанулық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Семей қаласы; Алаш мұрасы; қала мәдениеті; семиотика; мәдени мәтін; мәдени кеңістік; поэтика; поэтосфера; символ; деталь.

Аннотация. Статья посвящена анализу культурного облика города Семей в казахской литературе и публицистике начала XX века. В качестве объекта исследования рассматриваются произведения Жусипбека Аймауытова, Миржакипа Дулатова, Султанмахмута Торайгырова, Мухтара Ауэзова. В статье исследуется период перехода казахского общества от кочевой культуры к урбанистической модернизации, а также город Семей как семиотико-поэтический образ. В данном контексте особое место занимают аспекты «культурного текста» и «культурного пространства». Через образ города в произведениях писателей анализируются процесс формирования национальной интеллигенции, культурная трансформация и вопросы духовного возрождения. Результаты исследования позволяют культурологически обосновать статус города Семей как интеллектуального и символического центра в казахской культуре.

Ключевые слова: город Семей; наследие Алаша; городская культура; семиотика; культурный текст; культурное пространство; поэтика; поэтосфера; символ; деталь.

Дәйексөз үшін:

Шеризатов, А. (2026). Қала семиотикасы: семейдің мәдени-тарихи бейнесі. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 155(2), 196-208, <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-155-2-195-207>

Для цитирования:

Шеризатов, А. (2026). Семиотика города: культурно-исторический облик Семей. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 155(2), 196-208, <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-155-2-195-207>

Кіріспе

Айтары жоқ, өткен XX ғасыр гуманитарлық ғылымдар саласына айтарлықтай өзгерістер енгізді. Бұрын тек қаламгерлердің қаламынан шыққан елді-мекендер туралы мәтін, бұл арада нақтылай айтсақ, қалаға қатысты прозадағы үзікті географиялық сипаттаулар мен арнайы әкімшілік нысан ретінде өмірге келген өлеңдер тізбегі ендігі жерде осы саладағы ғалымдар тарапынан тек әдебиеттің тар аясында емес, қайта одан да кеңірек әрі күрделі мәдени жүйе ретінде қарастырыла бастады. Әсіресе, бұл үрдіс семиотика, мәдениеттану және урбанистика салаларында бой көрсетіп қана қойған жоқ, қаланы «мәтін» ретінде тану ұстанымын ғылыми айналымға түсірді.

Осы орайда біздің айтпағымыз, қаланы гуманитарлық ғылымдар саласында «мәтін» ретінде қарастыру және оны семиотикалық тұрғыдан талдау ұстанымы XX ғасырдың 60-80 жылдарында Батыс ғылымында етек жайып, негізінен құрылымдық (структуралисттік) және постқұрылымдық бағыттар бойынша бірталай ауқымды еңбектерге арқау болды. Яғни, гуманитарлық ғылымдар саласында қаланы «мәтін» ретінде қарастыру және оны семиотикалық тұрғыдан талдау идеясы жоқ жерден пайда бола салған жоқ. Оның ар жағында көне діни кітаптардан бастау алатын «Әбіл мен Қабыл» идеясы бұғып жатыр. Қаланы мәдени кеңістіктен бөліп алып, жеке зерттеу нысаны ретінде зерттелуінің зор үлес қосқан басты ғалымдар жайлы сөз қозғайтын болсақ, ең бірінші болып Ролан Барт (Roland Barthes) есімі алдымыздан шығады.

Өйткені, семиотиканың ірі өкілі болып саналатын Ролан Барт қала мәтіні идеясының негізін қалаушылардың бірі болып табылады. Ол өзінің 1967 жылы жарық көрген «Қала семиотикасы» (Semiotics and Urbanism) атты еңбегінде қаланы жай ғана ғимараттар жиынтығы емес, адамдар «оқитын» символдық кеңістік ретінде сипаттады. Барттың пайымдауынша, қала тұрғыны – сол қаланың «мәтінін» жүріп-тұру арқылы жазатын автор әрі оқушы болып табылады деген соны идеяны алдымызға тартты.

Француз ғылымында Ролан Бартпен бір мезгілде әлемге танымал оның отандасы философ және социолог ғалым Анри Лефевр (Henri Lefebvre) 1960-70 жылдары «Кеңістік өндірісі» (The Production of Space) теориясын дамытты. Біз сөз еткен ғалым өз тарапынан қаланы әлеуметтік қатынастардың символдық көрінісі ретінде зерттеп, кеңістіктің өзін идеологиялық және мәдени мәтін ретінде тану керектігін дәлелдеп ғылыми айналысқа енгізе білді.

Бұлардың барлығы француз ғылымындағы елеулі ғылыми оқиғалар болса, ал, АҚШ урбанистика мен когнитивті психологияның түйіскен жерінде зерттеу жүргізген америкалық ғалым Кевин Линч (Kevin Lynch) өз кезегінде өзінің 1960 жылы жарық көрген «Қала бейнесі» (The Image of the City) кітабында қаланың «оқылу мүмкіндігін» (legibility) зерттеуді алғашқылардың бірі болып жолға қойған еді. Аталған ғалым қалалық ортаны адам санасында қабылданатын бес негізгі элементке (жолдар, шекаралар, аудандар, түйіндер және бағдарлар) бөліп, қаланы көрнекі мәтін ретінде қарастыру керек деп тыңнан соқпақ салып, болашақ іргелі зерттеулер жасауға жол ашты.

Біз құрамында болған Қызыл Империяда бәрі де басқаша болды. Сталин өлімінен кейін КСРО-да орын алған «жылымық» кезінде Батыстық гуманитарлық ғылымдағы жетістіктер мен іргелі зерттеулерге кеңестік ғалымдар тарапынан назар аударуға біршама деңгейде билік тарапынан мүмкіндіктер беріле бастады. Нәтижесінде Тарту-Мәскеу мектебі өмірге келді. Осы мектептің белді өкілі Юрий Лотман Батыстық дәстүрмен тығыз байланыста болған семиотик еді. Аталған ғалымының «семиосфера» тұжырымдамасы аясында қаланы (әсіресе Петербургті) мәдениеттің генераторы және күрделі мәтіндік механизм ретінде зерделеуі 1970-80 жылдары қала мәдениетінің семиотикасын жаңа деңгейге көтерді.

Әлем ғылымындағы қаланы мәдениеттің генераторы және күрделі мәтіндік механизм ретінде зерделенудің даму кезеңдері мен басты идеяларына осы орайда тоқтала кетпекпіз. Біз Орталық Азияда, оның ішінде елімізде енді ғана қолға алына бастаған осы зерделеудің Батыста дамыған уақыты, бағыты және негізгі ұстанымдарына жеке тоқтала кететін болсақ, онда өткен ғасырдың 1960 жылдары структурализм бағыты қала – бұл белгілер жүйесі. Оның өз грамматикасы мен морфологиясы бар деп тұжырым жасағанына көз жеткіземіз. Келесі онжылдықта, яғни, 1970 жылдарда үстемдік құрған «Феноменология және Марксизм» бағыттары бұл мәселеге басқа қырынан келіп, қала кеңістігі – әлеуметтік күрестің және мағыналар өндірісінің алаңы деп өз идеясын алға тартты. Ал, 1980 жылдардан бастап, күні бүгінге дейін үстемдік құрып келе

жатқан Постструктурализм бағыты болса, біршама ойға қонымды қала мәтінінің бір мағынасы жоқ, әрбір тұрғын оны өзінше түсіндіреді (деконструкциялайды) деген тиянақты пікірді ұсына білді.

Осы үш бағыт та бізге қаланы мәтін ретінде тануға мүмкіндік берді. Ендігі жерде біз – бұл архитектуралық нысандарды «әріптер» немесе «сөздер», ал көшелер мен алаңдарды сол сөздерден құралған «сөйлемдер» ретінде қабылдайтын болдық. Бұл әдіс арқылы жасалған ғылыми зерттеулер өз кезегінде қаланың сыртқы келбетін ғана емес, оның тереңде жатқан мәдени-тарихи кодын түсінуге мүмкіндік береді.

ТМД ғылыми кеңістігінде, оның ішінде біздің елімізде аталған бағыттың қалыптасуына Ю.Лотман, В.Топоров, В.Иванов секілді ғалымдардың еңбектері ерекше ықпал еткенін жоққа шығара алмаймыз. Жоғарыда біз сөз еткен үш ғалымның пайымдауынша, қала – тарихи жадты, мәдени тәжірибені, әлеуметтік қатынастарды және символдық мағыналарды бойына жинақтайтын күрделі семиотикалық кеңістік болып табылады. Сондықтан біз өз зерттеуімізде осы пікірді басшылыққа алдық.

Оның себебі, Ю.Лотман мәдениетті таңбалар жүйесі ретінде қарастырып, «мәдени мәтін» ұғымын КСРО дәуірінде асқан зерттеушілік батылдықымен ғылыми айналымға енгізді. Аталған ғалымның пікірінше, кез келген мәдени кеңістік белгілі бір ақпаратты сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін құрылым ретінде қызмет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, біз осы жолғы зерттеу тақырыбымызға өзек еткен Семей қаласы да өзіндік «тілі» бар мәдени мәтін болып саналады. Бұл жерде айтпағымыз, аталған қаладағы көшелер, ғимараттар, ескерткіштер, қоғамдық орындар, театрлар мен кітапханалар тек материалдық нысандар ғана емес, белгілі бір тарихи кезеңнің мәдени кодтарын сақтайтын семиотикалық белгілер жүйесі болып табылады. Сондықтан көркем әдебиеттегі, біздің жағдайымызда Семей қаласының бейнесі нақты кеңістікті сипаттаудан гөрі, оның рухани-мәдени табиғатын ашуға бағытталады. Бұл тақырыпта ғалым мәтіндердің мынадай түрлерін атап көрсетті: «Жазбаша мәтіндер, «салт-жора», «ғұрып», «іс-қимыл» типтес мәтіндер, көркем мәтіндер (өнер мәтіндері), мінез-құлық мәтіндері (этикет, күнделікті тұрмыстық мінез-құлық пен сөйлеу мәнері, ғұрыптық немесе табынушылық мінез-құлық және т.б.)» (Лотман, 2002). Осы тұрғыдан алғанда, қазақ қалагерлерінің шығармалары Семейдің интеллектуалдық, саяси және эстетикалық кеңістігінің көпқабатты болмысының маңызды дереккөздері ретінде көрініс тапқан.

ТМД ғылыми әлемінде өз тарапынан «поэтосфера» ұғымын ұсынған В.Топоров қала кеңістігін поэтикалық жүйе ретінде түсіндіреді. Өз пайымын ғалым көркем мәтіндегі қала авторлық сана арқылы қайта өңделіп, символдық әрі эстетикалық сипатқа ие болады деп түйіндейді. Біз пікірін келтірген ғалым қарастырып отырған жағдайда қала – физикалық мекен ғана емес, белгілі бір мәдени мифологияны қалыптастыратын рухани кеңістік болып саналатынына көз жеткіземіз. Біз өз тарапымыздан, аталған пікірді басшылыққа ала отырып, қазақ әдебиетіндегі Семей бейнесі де дәл осындай поэтикалық кеңістік ретінде танылады деп айта аламыз. Олай дейтініміз ұлттық қалагерлеріміз өз туындыларында Семейді тек тарихи оқиғалар өткен мекен ретінде емес, ұлттық идея мен рухани жаңғырудың символдық орталығы, түп қазығы ретінде сипаттайды.

Тағы бір ТМД орыс ғалымы В.Иванов біздің зерттеуімізге арнайы өзек болған қаланы «ғалам кеңістігінің моделі» ретінде қарастырады. Аталған зерттеушінің пікірінше, ірі қалаларда қоғамның әлеуметтік құрылымы, мәдени қабаттары мен тарихи жады жинақталып бой көрсетеді. Орыс ғалымының осы бір теориялық ұстанымы Семей қаласының мәдени табиғатын барынша ашып көрсетіп, жете түсіндіруде басты орын ала алады. Бұлай деуіміздің себебі, XX ғасыр басындағы Семей қазақ қоғамының саяси, рухани және ағартушылық орталығына айнала білді. Тап осы жерде Алаш қозғалысының негізгі идеялары қалыптасып, ұлттық интеллигенцияның мәдени қызметі шоғырланып, болашақ ұлттық интеллектуалдық дамудың түп негізі қаланды. Бұдан келіп шығатыны, Семей қаласы біртұтас қазақ қоғамындағы модернизациялық өзгерістердің шағын моделі қызметін атқара алды.

Бүгінгі таңдағы урбанистика ғылымында «қалалық мәтін» ұғымы кең қолданылып келеді. Әдебиеттануда «Петербург мәтіні», «Мәскеу мәтіні», «Париж мәтіні» секілді ұғымдар қалыптасып, іргелі зерттеулер жасауға мұрындық болуда. Егер біз аталған теорияға иек сүйейтін болсақ, онда белгілі бір қала көптеген көркем шығармаларда қайталанып сипатталу арқылы тұрақты мәдени образға айналады. Тап осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ әдебиетіндегі «Семей мәтіні» туралы да дәл осы пікірді айтуымызға толық негіз бар деп байлам жасай аламыз. Оның себебі XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен публицистикасында

Семей қаласы тұрақты түрде ұлттық мәдениет, рухани ізденіс, ағартушылық және тәуелсіздік идеяларымен үндесе, жарыса сабақтаса кестелене бейнеленеді.

Семейдің қалалық мәтіні бірнеше мәдени қабаттан тұрады дей аламыз. Енді осыларды саралай кететін болсақ. Біріншіден, бұл – Абай әлемімен байланысты рухани кеңістік болып саналады. Екіншіден, Алаш қозғалысының саяси-мәдени орталығы ретіндегі тарихи кеңістік болып есептелінеді. Ақыр соңы, үшіншіден, қазақ қоғамының дәстүрлі көшпелі мәдениеттен урбанистік өркениетке өту кезеңін бейнелейтін әлеуметтік кеңістік ретінде тайға таңба басқандай айшықталады. Осы қабаттардың барлығы көркем мәтіндерде бір-бірімен байланысып, қаланың күрделі семиотикалық табиғатын қалыптастырып отыр деген тұжырымды пікірді айтуымызға мүмкіндік береді.

Алаш арыстары Семей қаласын ерекше құрмет тұтып, қазақ халқының рухани-мәдени ошағы екендігін сезді және дәлел ретінде қала жайлы классикалық шығармалар жазды. Әсіресе, М.Дулатов, С.Торайғыров, М.Әуезов секілді Алаш қайраткерлері қаланың әсем көрінісімен қатар, ішкі «табиғатын», тұрғындардың өмірін, қала мен ауыл арасындағы мәдени трансформацияларды көркем тілмен суреттей білді.

Әдістер

Зерттеу барысында Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесі, С.Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасы, М.Дулатовтың 1918 жылғы публицистикалық мақалалары және М.Әуезовтің театр тарихына қатысты естеліктері мен мақалалары негізгі дереккөз ретінде талданды. Аталған мәтіндердегі Семей қаласының бейнесін анықтау үшін мәдени-семиотикалық талдау әдісі қолданылып, қала кеңістігінің символдық белгілері, мәдени кодтары және урбанистік метафоралары сараланды.

Сонымен қатар, құрылымдық-поэтикалық талдау арқылы көркем мәтіндердегі «қала» концептісін құрайтын детальдар («пароход», «паром», «театр», «мешіт», «кітапхана», «арал» және т.б.) жүйеленіп, олардың мәдени мағынасы анықталды. Ю.Лотманның «мәдени мәтін» теориясы мен В.Топоровтың «поэтосфера» тұжырымдамасы зерттеудің теориялық негізі ретінде пайдаланылды.

Бұл әдіснамалық тәсілдер Семей қаласының мәдени нысаналары мен тарихи ескерткіштеріне терең талдау жасауға, қаланы тұтас бір «мәтін» ретінде қарастырып, оның символикалық кодтарын оқуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, көркем мәтіндердегі қала бейнесінің мәдени қабатына бойлап, кеңістіктің формалық және мағыналық тұстарын өзара байланыста талқылауға жол ашады. Нәтижесінде Семейдің рухани-тарихи болмысы, Алаш идеясымен сабақтастығы және қазіргі қалалық мәдени ландшафттағы бірегей орны ғылыми тұрғыдан негізделеді. Мұндай тәсіл қала антропологиясы мен символикасын жаңа қырынан тануға, қалалық ортаның поэтикалық құрылымын сапалы зерделеуге бағытталған маңызды қадам болып табылады. Зерттеу барысында қала кеңістігі тек географиялық нысан емес, ұлттық жады мен тарихи сананың тоғысқан киелі мекені ретінде зерделенеді.

Зерттеудің негізгі сұрақтары

Семей қаласының мәдени-тарихи бейнесі қандай көркем шығармаларда көрініс тапқан, қаланы мәтін ретінде қарастыру ұстанымы мәдени семиосфера тұжырымдамасымен сәйкес келе ме, Семейде Алаш кезеңінде қандай мәдени орта қалыптасты. Әлеуметтік фокус: Семей – қарапайым қаладан ұлттық модернизацияның символдық орталығына айналуы.

Талқылау

Қаладағы мәдени ошақтар – Семейдің дербес мәдениеті мен рухани болмысын танытады. Рухани орындар мен қала маңындағы киелі мекендерден өткеннің ізі, қала болып қалыптасқан Семей шаһарының тарихы бедерленген. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы, Түйемойнақ аралы, Семей өлкетану музейі, Абай білім алған Ахмет Риза мешіт-медресесі, «Алаш арысы – М.Әуезов» музейі, Тінібай мешіті, Абай атындағы облыстық кітапхана, Абай атындағы облыстық театры – бүгінгі күнге дейін құндылығын жоғалтқан жоқ. Керісінше, жыл өткен сайын қазақ руханияты үшін маңыздылығы артуда. Егер аталған мәдени орындарды көркем мәтінге айналдырсақ, белгілі бір мәдени кодтар айқындалады да, поэтикалық ортаны құрайды. Бұл тұрғыда қаланың поэтикалық бейнесін

жоғарыда атап өткен Алаш қаламгерлері жасағанын тілге тиек етеміз. В.Топоров мұндай идеяны теория жүзінде «поэтосфера» деп атайды. Яғни, ғалым «Сөз шебері (суреткер) поэтосфераны – өмірлік прагматиканы мифологиялық сана мен эстетикалық тебіреніс деңгейіне дейін көтеретін, кеңістіктік-поэтикалық сипаттағы күрделі шынайы және мағыналық комбинациялардың жиынтығын жасауға қабілетті» деу арқылы қала мен оны суреттеуші автордың рухани-мәдени байланысын айшықтап отыр (Топоров, 1991).

Қала мәдениеті бірден қалыптаспайды. Уақыт өте келе қоғамдық формацияға ұшырап, адамдардың жиі коммуникацияға түсуінің нәтижесінде белгілі бір «мәдени кодтар», дәстүрлер мен рухани канондар орнығады. Шын мәнінде, «адам баласы қаладағыдай бір мезгілде әрі тығыз байланыста, әрі оқшауланған күйде өзін еш жерде сезінбейді. Қала – бір уақытта әрі тығыз қарым-қатынастың, әрі жатсынудың нышаны» (Thalmann, 1965). Ендеше, Семей қаласы да осындай үдерістерді өткеріп, Алаш мұрасының метафорасына айнала білді.

Зерттеуші В.Иванов қаланың ғалам кеңістігінің моделі ретінде қарастырылатындығын айтады: «Қала ғалам кеңістігінің моделі ретінде қарастырылады. Тиісінше, оның шоғырлануы тұтас әлем құрылымын береді» (Иванов, 2007). Демек, қалаға макроэлемент ретінде қарайтын болсақ, тұтас әлемді немесе тұтас жүйені құрайды да, микроэлемент ретінде бағалайтын болсақ, әрбір көшесі, әрбір тұрғыны, әрбір ғимаратының бейнесін зерделей аламыз. Бұл орайда адами болмыстың қала дамуымен астаса отырып өзгеретіні анық. Сондықтан «қала әртүрлі формада көрініс береді: тұрғын үйлер, құрылыстар, жол қиылыстары, символдық атрибуттар (мейрамханалар, фонарлар, жарнамалар және т.б.» (Стародубцева, 1993). Осындай детальдар қаланың өзгешелігі мен мәдениетін қалыптастырады. Әр қаланың формалық және мағыналық элементтері әртүрлі. Сол себепті бір қаланы (таңбаны) екінші қаладан (таңбадан) оңай ажырата аламыз. Семиотикалық фокус – көбінесе мәдени ошақтарға шоғырланады. Өйткені жаһандану процесі кезінде шаһардың ұлттық ерекшелігі, өмір сүру динамикасы және т.б. факторлар басымдыққа ие болады. Мұндай жалпы құрылым аясында «кеңістік пен мекенге қатысты әлеуметтік-мәдени көзқарас қолданылады. Ол әлеуметтік ғылым мен жобалау қызметіне тән түсініктер мен анықтамаларға сүйенгенімен, сонымен бірге дефинициялардың (ұғымдық анықтамалардың) белгілі бір деңгейдегі ғылыми дәлдігін сақтайды» (Лоу, 2024).

Тарихқа жүгінсек, Семей мен Алашорданың тағдыры мен тарихы біте қайнасқанын аңғарамыз. Алаш мұрасын зерттеуші ғалымдардың айтуынша, Семейдің бір бөлігі «Алаш қаласы» аталып, Алашорданың орталығы болып жарияланды. Төраға ретінде Р.Мәрсеков қол қойған «Алаш қаласы туралы» хаттамада көрсетілгендей, 1917 жылғы 29 шілдеде тұрғындардың жиналысы өтіп, сол жиналыста шешім қабылданған (Тілешов, 2008).

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде ұлт зиялыларының «Алаш» партиясын және қазақ автономиясын құрсақ деген идеясымен облыстарда (соның ішінде Семейде) қазақ съездері жаппай өткізіліп жатқан кез еді. Осы жылы 27 сәуір – 7 маусым аралығында Семейге қарасты бес уезден (Өскемен, Семей, Павлодар, Қарқаралы, Зайсан) 200-дей, ал көршілес Ресейдің Бийск уезінен 2 өкілдің қатысуымен өткен облыстық съезде Алаш қайраткерлері Р.Мәрсеков, Ж.Ақбаев, Х.Ғаббасовтармен бірге Ш.Құдайбердіұлы да ұлт болашағы туралы пікір білдіріп, сөз сөйлейді (Нұрпейісов, 1995). 1917 жылы 21-26 шілде аралығында өткен бірінші жалпы қазақ съезі іс жүзінде «Алаш» партиясы мен ұлттық автономияны құруға негіз қалап берді. Көп ұзамай осы жылы қазан айында Семейде Ә.Бөкейхановтың басшылығымен «Алаш» партиясының облыстық комитеті құрылып, оның төрағасы болып Х.Ғаббасов сайланды.

1917 жылғы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен Екінші жалпықазақ съезінің қаулысымен Семей қаласы Алаш автономиялық облысының астанасы болып жарияланды. Дәлірек айтсақ, Алаш өкіметінің ғимараттары Ертістің сол жағалауындағы Жаңа Семейде орналасқан. Сол кезде жаңа Семей орыс тілінде «Заречная Слобода» деп аталды, ал жергілікті тұрғындар тарихи оқиғаларға байланысты оны Алаш қаласы деп атады. Көкен ауданынан келген Тінібай қажы қаланың дамуына өз үлесін осы кезде қосқан болатын (Сыдыков, 2010).

Семей мәтінінің құрылымдық ерекшелігі

Біз жоғарыда пікірлерін алға тартқан ғалымдардың бәрі де қалалық мәтін ұғымының басты ерекшелігі – белгілі бір кеңістіктің әдебиетте тұрақты түрде қайталанып, символдық жүйеге айналуы деген тұжырымды

алдымызға тартады. Көркем әдебиетте ұшырасатын осындай мәтіндерде қала тек оқиға өтетін фон емес, дербес мәдени кейіпкер қызметін атқаратындығын да жоққа шығара алмаймыз. Өз тарапымыздан тап осы тұрғыдан алғанда, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде қалыптасқан «Семей мәтіні» де бірнеше тұрақты құрылымдық элементтерден тұратындығына көз жеткіздік.

Енді осы пікірімізді тарқата сөз ететін болсақ, онда біріншіден, Семей мәтінінде өзен семантикасы ерекше орын алады. Ертіс өзені шығармаларда географиялық шекара ғана емес, мәдени өтпелі кеңістік ретінде көрінеді. Ұлт қаламгерлері осы қала туралы жазған шағында «Өзен» ұғымдық символы арқылы дәстүрлі дала өркениеті мен жаңа урбанистік мәдениет жалғастыратындығын аңдай аламыз. XX ғасырдың 20-шы жылдары жарық көрген белгілі қаламгер Ж.Аймауытовтың прозалық шығармаларындағы «паром», «пароход», «желқайық» секілді детальдар қозғалыс, өзгеріс және өркениеттік ауысу символдары ретінде қызмет ететініне көз жеткіземіз. Аталған қаламгердің туындыларындағы Су кеңістігі – динамика мен тарихи қозғалыстың белгісі болып танылып отырады.

Екіншіден, Семей мәтінінде мәдени институттар жүйесі тұрақты түрде қайталанып келіп отырадығы өзіне ерекше назар аударуды керек етеді. Осы орайда, мешіт, медресе, кітапхана, театр, баспахана сынды мәдени нысандар қала кеңістігінің рухани архитектурасын құрайтыны да еш дау тудырмайтын шындық болып табылады. Семей қаласына қатысты ұлт қаламгерлерінің шығармаларында ұшырасатын бұл орындар тек материалдық объект емес, ұлттық сананың қалыптасу алаңы ретінде бейнеленеді. Бұл орайда, баса айтпағымыз, әсіресе, Алаш кезеңіндегі Семейдің ұлт мүддесі үшін атқарған ағартушылық қызметі қаланың интеллектуалдық мәртебесін арттырды.

Үшіншіден, біздің өз тарапымыздан аңғарған Семей мәтініне тән басты ерекшеліктің бірі – ұлттық модернизация идеясы болып табылады. Осы қалаға қатысты сол кездегі қай көркем шығарманы алып қарастырмайық, оның барлығында да Семей қазақ қоғамының жаңа тарихи кезеңге өту кеңістігі ретінде танылып һәм айшықталып отырады. Дәстүрлі көшпелі мәдениет пен еуропалық урбанистік өркениет арасындағы мәдени диалог – дәл осы қалада ғана айқын байқалатыны да тарихи-мәдени ақиқат. Сондықтан Семей мәтінінде ескі мен жаңаның, дала мен қаланың, дәстүр мен модернизацияның қатар өмір сүруі маңызды поэтикалық заңдылыққа айналғандығын алға тартпақпыз.

Төртіншіден, Семей мәтіні қай сәтте болмасын ұжымдық тарихи жадпен тығыз байланысты болып келеді. Абай есімі, Алаш қозғалысы, алғашқы театр қойылымдары, ұлттық баспасөз тарихы – осы аталғандардың барлығы да қаланың символдық капиталын нақтылай қалыптастырады. Осы тұрғыдан алғанда, Семей – тарихи оқиғалар жинақталған кеңістік қана емес, ұлттық мәдени естеліктің мәтіндік моделі де болып табылады.

Осылардан шығара түйіндей айтқанда, қазақ әдебиетіндегі Семей мәтіні – урбанистік поэтика, ұлттық идея және мәдени жады өзара тоғысқан күрделі семиотикалық құрылым есептеледі.

Нәтижелер

Алаш идеясының қалыптасуы және дамуы Семей шаһарының рухани кеңістігімен тығыз байланысты. Оның түп-тамыры Абай шығармашылығынан бастау алып, дүниетанымымен сабақтасып жатыр. Абайды танып-білген, Абай шығармашылығына ден қойған Алаш арыстары басқа қаланы емес, дәл Семей қаласын таңдады. Өйткені бұл орталық – сол заманғы қазақ қоғамының мәдени-рухани тұрғыда жетілген қаласы болатын. Сондықтан да, ғалымдардың пайымдауынша, Абайды орыс тілі арқылы дүниежүзі оқырмандарына тұңғыш танытушы – Ә.Бөкейхан. Абайдың өлеңдеріне алғаш рет тұшымды талдау жасаған – А.Байтұрсынұлы. Абайтанушылардың тізбегін жасап, хәкімді татар әлеміне бірінші болып таныстырған – М.Дулатұлы. Абайға өлең арнап, оны тұңғыш рет «Хәкім» атаған – М.Жұмабай (Ісімақова және т.б., 2020+). Барлығы да Семейді кие тұтып, Алаш қаласы атануына ықпал етті. Ендеше, әрқайсысы өзінің мүмкіндігіне сәйкес ұлттық ағартушылық пен ұлттық мәдениеттің іргетасын қалай білді.

1-кесте

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі Семей қаласының мәдени-семиотикалық бейнесі

Автор	Шығарма	Семей бейнесі	Негізгі мәдени код
Ж.Аймауытов	«Әнші»	сергек қала	урбанистік динамика
С.Торайғыров	«Таныстыру»	Алаш орталығы	ұлттық идея
М.Дулатов	публицистика	ағартушылық кеңістік	интеллигенция
М.Әуезов	театр мақалалары	мәдени сахна	эстетикалық модернизация

Тарихи деректерге үңілсек, XX ғасырдың басындағы Семей тек қана ағартушылық орталық емес ұлттық идеясы толығымен жетілген мекен болды. Семей қаласының мәдени келбетін айқындауда көркем мәтіндер ерекше рөл атқарады. «Қала тақырыбының кемелденген (шарықтау) кезеңі, әлбетте, XX ғасыр мен XXI ғасырдың басына түс келді, біз үшін маңыздысы – көптеген еңбектерде метафоралық қасиеттері барған сайын айқын көрініс табуда» (Ванчугов, 2022). Қаланың тыныс-тіршілігін көркем тілде сипаттау – қиын іс. Дегенмен, соған бар болмысымен кіріскен жазушылар бар. Мәселен, С.Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасы ғылыми әдебиетте Семейдің саяси-символдық мазмұнын ашқан туынды ретінде қарастырылады. Шығармада қала Алаш қозғалысының идеялық тірегі, ұлттық элита шоғырланған тарихи мекен ретінде бейнеленеді. Бұл поэма – ұлттық саяси субъектіліктің көркем репрезентациясы, себебі қалалық кеңістік арқылы ұлттың тарихи өзін-өзі тану үдерісі көрінеді. Ғалым А.Еспенбетов ақынның көркем тілі мен бейнелі ойлау жүйесін былайша тұжырымдайды: «С.Торайғыровтың әдеби мұрасы сан алуан. Оның ішінде очерктер де, проблемалық мақалалар да, әңгімелер, әдеби-сын жазбалар, рецензиялар мен аудармалар да бар. Жазушының кез келген материалын мұқият зерттегенде, біз, әдетте, ең алдымен оның терең әрі бай эрудициясын көреміз» (Еспенбетов, 2007). Бұл пікірден С.Торайғыровтың жаңашыл бағыттағы қаламгер екенін аңғарамыз. Сол жаңашылдығымен Семейді суреттеп отыр.

1917 жылғы қоғамдық-саяси өзгерістер уақытында қала Алаш автономиясының орталығы ретінде белгіленіп, Ертістің сол жағалауындағы бөлігіне «Алаш қаласы» деген атау берілді. Поэмадағы «Алаш қаласы» ұғымы нақты географиялық атаудан гөрі мемлекеттілік идеясын білдіретін мәдени метафора деңгейіне көтеріледі. Осылайша, С.Торайғыровтың поэтикасында Семей – урбанистік орта ғана емес, географиялық нысаннан әлдеқайда жоғары мағыналық деңгейдегі азаттық идеологиясының көркем моделі қызметін атқарады. «Таныстыру» поэмасында бұл мекен ұлт элитасының шоғырланған қаласы әрі Алаш идеясының негізгі тірегі ретінде бейнеленеді.

Ақын:

Туғанда құдай иіп мұндай заман,
Сұрайтын бір сөзім бар сенен, балам.
Тап біздің осы Семей облысының,
Көшбасшы адамдарын айтшы маған.

Аумалы-төкпелі кезеңде бұл сауал ұлт болашағын ойлайтын әр адамның қоятын сұрағы. Бұл сауалға оқыған қазақ зиялысы:

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,

Талассыз жеке-дара түр ғой өзі, – деп ұлттың тағдыры үшін жауапкершіліктің жүгін көтерген тұлғалар Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлын таныстырып, олардың «бірі – Күн, бірі – шолпан, бірі – Ай» сияқты метафоралар арқылы сипаттап, алаштықтардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы еңбектерін саралайды. Алаш өкілдерімен қоса, қазақтың көрнекті тұлғалары Абай мен Шәкәрімді де ерекше атап

көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, Семей қаласы – Торайғыровтың поэтикасында ұлттың өзін-өзі тарихи тану кеңістігі (Торайғыров, 2002).

Сонымен қатар, М.Дулатовтың 1918 жылғы публицистикалық мұраларында Семейді білім беру мен баспа ісі дамыған орталық ретінде сипаттап, оның ұлттық интеллектуалдық инфрақұрылымды қалыптастырудағы маңызын негіздейді. Автор мұғалімдер семинариясын, баспаханаларды және қоғамдық ұйымдардың қызметін ұлттық мамандар даярлайтын мәдени институттар жүйесі ретінде бағалайды. Осы арқылы қала дәстүрлі көшпелі дүниетаным мен еуропалық білім моделінің тоғысқан әлеуметтік алаңы ретінде түсіндіріледі. Сол сияқты М.Әуезовтің театр тарихына қатысты мақалалары мен естеліктері де Семейдің эстетикалық, ұлттық «тамырын» тереңдете түсті. М.Әуезовтің басшылығымен 1917 жылы «Ойқұдық» жайлауында сахналанған «Еңлік-Кебек» пьесасының алғашқы қойылымы – қазақ кәсіби театрының басталу кезеңі ретінде бағаланады. Бұл құбылысты қазақ мәдениетінің урбанистік эстетикаға бет бұруының айқын белгісі деуге болады. Театр өнерінің дамуы – қаланың мәдени қызмет аясын кеңейтті. Ертеректегі қоғамдық пікір көбінесе жыраулық дәстүр немесе айтыс сияқты ауыз әдебиетінің түрлерімен таралса, аталған қойылымнан кейін халықтың эстетикалық қабылдауы театрлық мәдениетпен толығымен түсті. Ол білім мен саясат орталығынан өнер мен рухани жаңғыру ошағына айналды. Жазушының шығармаларындағы Семей көрінісі де рухани сабақтастықпен қабысып жатыр. Атап айтқанда, Абай контекстінде қарастырсақ, бұл шаһар білімнің және ой еркіндігіне жол ашқан мекен ретінде сипатталады. Осы жерде ұлттық интеллигенцияның қалыптасуына медресе, кітапхана сияқты мәдени локациялар мен қоса, қоғамдық пікірталас алаңдары мен зиялы қауым ортасы айырықша әсер етті.

Классик жазушы, Алаш ардақтысы Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесі де сол замандағы Семей қаласының бейнесін танытады:

«Жетішатыр – жақсы қала. Қаптап жатқан қазақ. Жазы-қысы – қымыз, ойын-сауық – «кататься». Айт, той, құдалық, ат жарыс, күрес. Маскүнем, Төбелес. Үй қыдырған көлең-көлең ақ жаулық... Жаз шықса пароход, паром, желқайық, жасыл арал, қалың орман... Көкке шыққан, гуляйт соққан, масайраған шат көңіл... Сырнай-керней... Қызық думан... Қайткенмен сергек қала» (Аймауытов, 2023).

Көркем мәтіндегі детальдар: «пароход», «паром», «желқайық», «жасыл арал», «қалың орман» – Семейдің мәдени кодтарын айқындайды. Қаланың материалдық, заттық бейнесі арқылы оның рухани архитектурасын тани аламыз. Ал «айт», «той», «ат жарыс» секілді дәстүрлі үдерістерден қала тұрғындарының көңіл-күйі, мәдени атмосферасы көрініс тапқан.

Қалалық мәтіннің ерекшелігі – ондағы тұрғындардың және ғимараттарының орналасу тәртібі, формасы және әлеуметтік дамуында жатыр. Ю.Маннның айтуынша, қаланы, оның құрамдас бөліктері мен нақты ракурстарын сипаттауға мүмкіндік беретін образдар тізілімін қаланың біртұтас дүние ретіндегі поэтикалық сипаттамасынан бастауға болады. Визуалды тұрғыдан оны екі түрлі қалыпта бейнелейміз. Жазушы қаланы вертикальді қылып көрсету әдісін немесе оның горизонтальді панорамасын айтамыз (Манн, 2007).

Вертикальді қиық бойынша көбінесе тұтас қала емес, жекелеген үй – «шатыр астынан немесе мансардандан бастап жертөлеге дейін» қарастырылады. Бұл ретте үй қаланың синекдохасы (бөлшегі арқылы бүтінді көрсету) ретінде көрінеді: бүтін нәрсе оның бөлігіне ұқсатылады. Сонымен қатар, қаланың горизонтальді панорамасы да қоғамның әлеуметтік құрылымы мен алуан түрлі әлеуметтік контрастарды бейнелеуге мүмкіндік беретін образдар кешені бола алады.

Осы тұжырымға сүйеніп, Семей қаласының вертикаль және горизонталь панорамасын жасай аламыз:

2-кесте

Көркем шығарма мен мәдени кодтардың байланысы

Панорамасы (қиық)	Көркем шығармадан үзінді («Әнші» әңгімесі)	Мәдени кодтар

Вертикаль (тік)	«желқайық», «қалың орман», «айт», «той»	а) далалық өлкеге қала мәдениетінің енуі б) қалалық контрасттың орнығуы (той > төбелес)
Горизонталь (көлденең)	«жасыл арал», «паром»	а) мәдениет пен өркениеттің тұтасуы б) дәстүрлі құндылықтың трансформацияға ұшырауы («паром» секілді материалдың құбылыстың қала тіршілігіне әсері)

Қаланың бейнесін құраушы заттық құрылымдардың (паром, қалың орман) барлығы дерлік адам санасына тікелей әсер етуші элементтер. Семиотикалық таңбалар сол арқылы бір-бірімен байланысқа түседі және уақыт өте келе дәстүрлі түрге айналады. Бұл шығармада Семей қаласының жылдар бойы қалыптасқан үрдісінің жаңаша формаға ауысуы сипатталады. Мұнда мәдени субъект – «еш алаңсыз» жүрген тұрғындар, ал объектісі – Ертіс жағалауындағы материалдық құндылықтар. Сыртқы субъектілер, яғни Алаш арыстары осы өзгерістерді байқап, көркем-эстетикалық қабылдауынан өткізіп, көркем шығарма жазған.

Кеме екі қалыпта да (тік және көлденең қиықта) қызмет ете алады. Оның іс-қимылына зер салуымыз керек. Тұрғанда тік қиыққа жатады да, жүзгенде көлденең кеңістікке енеді. Бұл тұрғыда кеме деген көзқарас та маңызды. Біртұтас немесе «ыдыраған» таңбаның айырмашылығын Дж. Лоның «Нысана және кеңістік» еңбегінен байқаймыз. Онда ғалым былайша тұжырым айтқан: «Евклидтік кеңістікте, кеме – бұл оның артқы жағының, тұмсығының, килінің, діңгегі мен желкендерінің бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын ортогональды координаттардың тұрақты жиынтығы; кеме жүзіп бара жатқанда, бұл бөліктердің барлығы біртұтас дүниені құрайды. Желілер кеңістігінде де кеме тұрақты әрі үздіксіз нысан, яғни тұтастығы өзіне қатысты барлық маңызды нысандардың позициясына тәуелді «желілік форма» болып табылады. Кеменің нысандық болмысы осылайша сақталады» (Ло, 2006). Қаланың мәдениетін қалыптастыратын басты факторлардың бірі – қайшылық пен қарсылық. Осы орайда, ғалым Ғ.Есім Абай шығармашылығын айта келе «әлеуметтік болмыс қайшылығы» мәселесін қозғайды. Ғ.Есім: «Абайды қоғам қайраткері, ойшыл мәнде қабылдаудың сыры сол, оның шығармашылығы – әлеуметтік болмыс қайшылығының нәтижесі», – дейді (Есім, 2012). Демек, мәдени кодтар сол қалада болған оқиғалармен (тарихи, төтенше, оқыс, мерейтой) тығыз байланысты. Осы оқиғалар семиотикалық таңба ретінде тұрғындардың санасында қалады да, уақыт өткен сайын жаңғырып отырады. Міне, сол нысана қаламгерлердің объектісі болады.

Қорытынды

Назарларыңызға ұсынылып отырған зерттеуіміздің негізгі ғылыми жаңашылдығы ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі Семей қаласының бейнесін дәстүрлі тарихи-географиялық немесе әдеби-иллюстративтік тәсілдер шеңберінен шығарып, оны тұтас семиотикалық және мәдени модель ретінде жүйелі түрде концептуализациялауымен сипатталады.

Біріншіден, біз зерттеуімізге нысан етіп алған жұмыс барысында Семей қаласы Ю.Лотман ұсынған «мәдени мәтін» теориясы және В.Топоровтың “поэтосфера” концепциясы негізінде қайта түсіндіріліп, қала кеңістігі тек фондық элемент емес, мағына өндіруші күрделі семиотикалық жүйе ретінде қарастырдық. Бұл тәсіл өз зерттеушісіне қала бейнесін көркем мәтіндегі пассив объект ретінде емес, белсенді мәдени субъект ретінде тануға барынша мүмкіндік берді.

Екіншіден, біздің аталған зерттеуімізде «Семей мәтіні» ұғымы алғашқылардың бірі болып ғылыми айналымға енгізіп, аталған ғылыми нысан қазақ әдебиетіндегі урбанистік мәтіндердің алғашқы жүйелі үлгісі ретінде сипатталып отыр. Біз арнайы қарастырып отырған мәтін: өзендік кеңістік (Ертіс), мәдени институттар жүйесі (театр, кітапхана, баспа ісі) және тарихи-идеологиялық ядро (Алаш қозғалысы, Абай

дәстүрі) сынды бірнеше тұрақты құрылымдық элементтерден тұрады. Осы құрылымдар арқылы пайымдап тұжырымдауымыз негізінде Семей қаласының мәдени коды тұтас семиотикалық жүйе ретінде біршама ашылады.

Үшіншіден, аталған зерттеу қазақ әдебиеттануында урбанистік мәтіндерді талдаудың жаңа әдіснамалық моделін ұсынуға ғылыми-теориялық талпыныс жасады. Біз қолға алған аталған модель қала кеңістігін тек тақырыптық бейне ретінде емес, тарихи жады және мәдени коммуникация алаңы ретінде кешенді талдауға мүмкіндік беретін болады. Осы бір кешенді талдау арқылы қазақ әдебиетіндегі урбанистік дискурстың теориялық негіздері біршама кеңейтілді.

Төртіншіден, Семей қаласының бейнесі ұлттық модернизация процесімен бірлікте және байланыста алына отырып қарастырылып, соның негізінде бірінші рет дәстүрлі көшпелі мәдениет пен еуропалық урбанистік өркениеттің тоғысқан нүктесі ретінде интерпретациялауға талпыныс жасалды. Біз қолданған тәсіл қаланы тек тарихи феномен емес, мәдени трансформацияның динамикалық моделі ретінде түсіндіруге мүмкіндік беретін болады.

Түйіндей айтқанда, біздің тарапымыздан жасалған зерттеу нәтижелері Семей қаласының қазақ мәдениетіндегі орны мен рөлін қайта әрі қайыра пайымдауға, оны ұлттық тарихи жады мен әдеби кеңістіктің түйіскен орталығы ретінде концептуалды деңгейде негіздеуге жол аша алады.

Өткен ғасырдың 20-шы жылдарындағы Ж.Аймауытов, М.Дулатов, С.Торайғыров және М.Әуезов шығармаларындағы Семей образы әртүрлі поэтикалық қырынан көрінетіні де жасырын емес. Оның бірінде қала – әлеуметтік қозғалыс пен тұрмыстық динамиканың ортасы болса, ал, енді бірінде ұлттық идея мен рухани жаңғырудың символына айналып отырады. Біз жоғарыда сөз еткен қаламгерлер шығармаларындағы «пароход», «паром», «жасыл арал», «қалың орман», «театр», «мешіт», «кітапхана» секілді детальдар тек қаланың сыртқы көрінісін суреттеумен ғана шектелмей, оның ішкі мәдени табиғатын ашуға қызмет етеді. Тап осындай белгілер арқылы Семейдің дәстүрлі дала өркениеті мен жаңа қалалық мәдениет түйіскен кеңістік екені байқала танылады.

Осылайша, жоғарыдағы біз ұсынған ғылыми тұжырымдар және Семейдің Алаш қозғалысымен тарихи байланысы да оның мәдени маңызын арттыра түсті. Осы орайда баса сөз ететін жайт Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметі де қаланың рухани келбетін қалыптастырып, оны қазақ интеллигенциясының ірі орталығына айналдырды. Сол бір тарихи кезеңдегі әдеби мәтіндерде Семей тек оқиға өтетін мекен ғана емес, ұлттық сана мен тәуелсіздік идеясының көркем репрезентациясы ретінде сипатталады. Сондықтан қала бейнесі тарихи шындық пен көркем танымның өзара байланысы арқылы терең мағынаға ие болады.

Зерттеу нәтижесінде Семейдің мәдени кеңістігі бірнеше деңгейде көрініс беретіні анықталып отыр. Саралай айтатын болсақ, бұл қала – бүкіл қазақтың ағартушылық орталығы, қазақтың ұлттық мәдениеттің ұйытқысы, Алаштың символдық жад кеңістігі және урбанистік поэтиканың көркем моделі болып табылады. Аталған қаладағы мәдени ошақтар мен қоғамдық кеңістіктер ұлттық интеллигенцияның қалыптасуына, жаңа эстетикалық талғамның орнығуына айтарлықтай зор ықпал етті. Театр, баспа ісі, кітапхана, мешіт секілді рухани орталықтар қаланың мәдени қызметін кеңейтіп, оны қазақ қоғамындағы маңызды өркениеттік кеңістікке айналдыра алды.

Ерекше қадап айтар дүние, Семейдің мәдени ландшафты тек тарихи ғимараттар немесе архитектура-лық ескерткіштер жиынтығымен ғана шектеліп қоймайды. Сонымен қатар, ол – көркем мәтіндер, тарихи оқиғалар, әлеуметтік тәжірибе және ұжымдық жад арқылы қалыптасқан көпқабатты мәдени кеңістікті барынша таныта біледі. Қала келбеті уақыт өте тез өзгергенімен, оның Алаш мұрасымен сабақтас болып келетін рухани сипаты халық жадында мәңгіге сақталып келеді. Тап осы ерекшелік Семейді қазақ мәдениетіндегі символдық мәні жоғары қалалардың қатарына қосады.

Түйіндей айтқанда, Семей қаласын семиотикалық әрі мәдениеттанулық тұрғыдан зерттеу ұлттық ғалымдарымызға қазақ әдебиетіндегі урбанистік ойлау жүйесін тереңірек түсінуге барынша мол мүмкіндік береді. Қаланың көркем мәтіндердегі бейнесі арқылы ұлттық мәдениеттің жаңару үдерісі, тарихи сана эволюциясы және кеңістік пен адам болмысының өзара байланысы айқын көрінеді. Алдағы уақытта Семейдің мәдени кеңістігін цифрлық гуманитаристика, тарихи урбанистика және салыстырмалы мәдениеттану бағыттарында қарастыру бұл тақырыптың ғылыми аясын одан әрі кеңейте түсері анық. Біздің аталған

зерттеуіміз осы бағыттағы алғашқы ғылыми қарлығаштардың бірі болып саналады.

Мақала «Қалалық мәдениеттің поэтикасы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу аясында әзірленді.

Әдебиеттер

Аймауытов, Ж. (2023). «Әнші». [Электрондық ресурс]. https://adebiportal.kz/kz/news/view/zusipbek-aimauytov-ansi_24355 (қаралған күні: 15.02.2026)

Ванчугов, А. (2022). Город как метафора в исторической ретроспективе: Смысловые контексты «городских» музыкальных сочинений рубежа XX–XXI веков. Вестник музыкальной науки, 10(2), 140–152, <http://doi.org/10.24412/2308-1031-2022-2-140-152>.

Еспенбетов, А. (2007). Наследие С.Торайгырова и современность. Вестник БГПУ, 7(2), 45–48.

Есім, Ф. (2012). Хакім Абай. Астана: Фолиант.

Иванов, В. (2007). Семиотическому изучению культурной истории большого города. В кн: Иванов, В. Избранные труды по семиотике и истории культуры: Т.5. Москва: Языки славянских культур.

Ісімақова, А., Беркімбаев, К., Сейітман, С., Нуруллах Ч. (2020). Абай және Алаш: дәстүр сабақтастығы. Ясауи университетінің хабаршысы, 118(4), 87–95.

Ло, Дж. (2006). Объекты и пространства. Социологическое обозрение, 5(1).

Лоу, С. (2024). Пространственное воплощение культуры: Этнография пространства и места. Москва: Новое литературное обозрение.

Лотман, Ю. (2002). Текст в тексте. В кн: Р. Григорьева (Ред.), Статьи по семиотике культуры и искусства. Серия «Мир искусств». Санкт-Петербург: Академический проект.

Манн, Ю.В. (2007). Творчество Гоголя: смысл и форма. Санкт-Петербург.

Нұрпейісов, К. (1995). Алаш һәм Алашорда. Алматы.

Стародубцева, Л. (1993). В метафизических ландшафтах города. Философская и социологическая мысль, 9–10, 213–226.

Сыдыков, Е. (2010). Алаш қаласының тарихы. Зерттеу. Семей.

Тілешов, Е., Қамзабекұлы Д., Нұрахмет И. (2008). «Алаш» қозғалысы. Алматы: Сардар.

Топоров, В.Н. (1991). Аптекарьский остров как городское урочище (общий взгляд). В кн: В. Иванов (Ред.), Ноосфера и художественное творчество (с. 200–201). Москва: Наука.

Торайгыров, С. (2002). Романдар, поэмалар, өлеңдер. Алматы: Атамұра.

Thalman, M. (1965). Romantiker entdecken die Stadt. Munchen.

References

Aimauytov, Zh. (2023). Anshi [Singer]. Available at: https://adebiportal.kz/kz/news/view/zusipbek-aimauytov-ansi_24355 (accessed: 15.02.2026). [in Kazakh]

Vanchugov, A. (2022). Gorod kak metafora v istoricheskoi retrospektive: Smyslovye konteksty «gorodskikh» muzykal'nykh sochinenii rubezha XX–XXI vekov. [The city as a metaphor in historical retrospect: Semantic contexts of “urban” musical compositions at the turn of the 20th–21st centuries]. Vestnik muzykal'noi nauki, 10(2), 140–152, <http://doi.org/10.24412/2308-1031-2022-2-140-152>

Espenbetov, A. (2007). Nasledie S. Toraigyrova i sovremennost'. [The heritage of S. Toraigyrov and modernity]. Vestnik BGPU, 7-2, 45–48.

Esim, G. (2012). Hakim Abai [Hakim Abai]. Astana: Foliant.

Ivanov, V. (2007). Semioticheskomu izucheniiu kul'turnoi istorii bol'shogo goroda [Toward the semiotic study of the cultural history of the big city]. In Ivanov, V. Izbrannyye trudy po semiotike i istorii kul'tury [Selected Works on Semiotics and Cultural History]: Vol. 4. Moscow: Yazyki slavyanskikh kul'tur.

Isimakova, A., Berkimbaev, K., Seitman, S., Nurullah, Ch. (2020). Abai zháne Alash: dástúr sabaqtastygy [Abai and Alash: Continuity of traditions]. Bulletin of Yasawi University, 118(4), 87–95.

Law, J. (2006). Ob'ekty i prostranstva [Objects and spaces]. Sotsiologicheskoe obozrenie, 5(1).

Low, S. (2024). Prostranstvennoe voploshchenie kul'tury: Etnografiia prostranstva i mesta [The Spatialization of Culture: The Ethnography of Space and Place]. Moscow: Novoe literaturnoe obozrenie.

Lotman, Y. (2002). Tekst v tekste [Text within the text]. In R. Grigorieva (Ed.), Articles on the Semiotics of Culture

- and Art. "World of Art" series. Saint Petersburg: Akademicheskii projekt.
- Mann, Y. (2007). Gogol's tvorchestvo: Smysl i forma [Gogol's Creative Work: Meaning and Form]. Saint Petersburg.
- Nurpeisov, K. (1995). Alash ham Alashorda [Alash and Alashorda]. Almaty.
- Starodubtseva, L. (1993). V metafizicheskikh landshaftakh goroda. [In the metaphysical landscapes of the city]. *Filosofskaya i sotsiologicheskaya mysl'*, 9–10, 213–226.
- Sydykov, E. (2010). Alash qalasynyń tarihy. Zertteu. [History of the Alash City: Research]. Semey.
- Tileshov, E., Kamzabekuly, D., Nurakhmet, I. (2008). «Alash» qozǵalysy [The Alash Movement]. Almaty: Sardar.
- Toporov, V. (1991). Aptekarskii ostrov kak gorodskoe urochishche (obshchii vzgliad) [Aptekarsky Island as an Urban Locality (General View)]. In V. Ivanov (Ed.), *Noosphere and Artistic Creativity* (pp. 200-201). Moscow: Nauka.
- Toraigyrov, S. (2002). Romangar, poemalar, óleńder [Novels, Poems and Verses]. Almaty: Atamura.
- Thalman, M. (1965). *Romantiker entdecken die Stadt*. Munchen.

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about authors:

Arman Sherizatov – PhD doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. e-mail: arman.manarbek@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0006-2723-6074>

Арман Шеризатов – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан e-mail: arman.manarbek@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0006-2723-6074>

Арман Шеризатов – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. e-mail: arman.manarbek@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0006-2723-6074>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 27.05.2026

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 08.06.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 30.06.2026